



**«Қазақстан тұрғын үй Компаниясы»  
АҚ**

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған  
алты айдағы  
аудиттелмеген қысқартылған аралық  
қаржылық ақпарат

## Мазмұны

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы қысқартылған есеп 5

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған есеп 6

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған есеп 7-8

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған есеп 9

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер 10-53



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,  
пр. Достык, 180

## Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Қазақстан тұрғын үй Компаниясы» АҚ акционеріне және директорлар кеңесіне

### **Кіріспе**

Біз «Қазақстан тұрғын үй Компаниясы» АҚ (бұдан былай, «Компания») 2024 жылдың 30 маусымындағы қысқартылған қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қысқартылған аралық пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай, «қысқартылған аралық қаржылық ақпарат») шолуын жүргіздік. Компанияның басшылығы осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген қысқартылған аралық қаржылық ақпарат туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

### **Шолу көлемі**

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.



**«Қазақстан тұрғын үй Компаниясы» АҚ**

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

2 бет

**Қорытынды**

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша қысқартылған аралық қаржылық ақпарат барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындалмағандығына назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.

  


М.М. Магомедова  
Аудит жөніндегі директор  
«КПМГ Аудит» ЖШС  
Алматы, Қазақстан Республикасы

2024 жылдың 1 тамызы

**«Қазақстан тұрғын үй Компаниясы» АҚ**  
2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы қысқартылған есеп

Ескертпе	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық табыстар	71,772,103	74,187,299
Өзге пайыздық табыстар	6,232,698	6,549,956
Пайыздық шығындар	(50,974,437)	(52,771,713)
<b>Таза пайыздық табыс</b>	<b>27,030,364</b>	<b>27,965,542</b>
Комиссиялық табыстар	13,162	26,938
Комиссиялық шығындар	(226,115)	(213,739)
<b>Таза комиссиялық шығын</b>	<b>(212,953)</b>	<b>(186,801)</b>
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза (залал)/кіріс	(1,134,514)	4,568,091
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын өзге қаржы құралдары бойынша операциялардан түсетін таза табыс	1,235,593	1,228,979
Берілген кепілдіктерден түскен табыс	750,260	850,699
Берілген кепілдіктер бойынша резервтерден түскен табыстар/(шығыстар)	10,201,216	(6,099,222)
Өзге операциялық шығындар	(28,560,827)	(5,898,436)
<b>Операциялық табыс</b>	<b>9,309,139</b>	<b>22,428,852</b>
Борыштық қаржы құралдары бойынша резервтерден түскен (шығыстар)/табыстар	(951,481)	702,281
Қызметкерлер құрамына жұмсалған шығындар	(1,843,945)	(1,435,265)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(1,038,859)	(825,359)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>5,474,854</b>	<b>20,870,509</b>
Табыс салығы бойынша үнем/(шығыс)	4,192,306	(335,465)
<b>Кезеңдегі пайда және жалпы жиынтық табыс</b>	<b>9,667,160</b>	<b>20,535,044</b>
Акцияға шаққандағы базалық және бытыранқы пайда, теңгемен	548	1,165

5-53 беттерде ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат басшылықпен 2024 жылдың 1 тамызында мақұлданды және басшылық атынан оған қол қойылды:

А.Ш. Куздибаев

Басқарма Төрағасы



Б.Д. Сағимкулова

Басқарушы директор

*(Handwritten signature)*

А.Т. Тоқтарқожа

Бас бухгалтер

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы қысқартылған есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

	Ескертпе	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымы мың теңге	2023 жылдың 31 желтоқсаны мың теңге
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаттары және оның баламалары	9	235,364,088	305,418,549
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	10	70,128,963	69,064,444
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	11	771,918,829	834,169,819
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі: - Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын - Амортизациялық құны бойынша бағаланатын	12 12	13,539,293 78,099,403	11,028,026 105,681,741
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	13	133,587,517	138,842,941
Ағымдағы салық активі		9,897,697	9,603,172
Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер		1,993,719	300,471
Негізгі құралдар		3,731,161	3,795,842
Инвестициялық меншік		6,124,852	6,586,560
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		-	125,389
Өзге активтер	16	64,462,264	1,578,063
<b>Активтер жиыны</b>		<b>1,388,847,786</b>	<b>1,486,195,017</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	654,977,714	807,471,686
Өзге де тартылған қаражат	15	262,982,430	244,788,616
Мемлекеттік субсидиялар	16	185,647,548	138,309,016
Болашақ кезендердің табыстары және берілген кепілдіктер бойынша резервтер	17	14,655,863	24,922,025
Акционер алдындағы міндеттеме	18(a)	29,295,177	4,691,377
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	8	10,137,869	14,330,174
Өзге міндеттемелер		5,854,352	6,757,273
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>		<b>1,163,550,953</b>	<b>1,241,270,167</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	18	193,432,016	193,432,016
Эмиссиялық табыс		12,661	12,661
Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар		(2,597,522)	(2,597,522)
Қосымша төленген капитал		3,389,392	3,389,392
Резервтік капитал		2,734,447	2,734,447
Бөлінбеген пайда		28,325,839	47,953,856
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>225,296,833</b>	<b>244,924,850</b>
<b>Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>1,388,847,786</b>	<b>1,486,195,017</b>

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Алынған пайыздық табыстар	40,331,259	44,466,812
Төленген пайыздық шығындар	(14,689,862)	(14,849,246)
Алынған комиссиялық табыстар	15,777	30,451
Төленген комиссиялық шығындар	(191,267)	(182,272)
Өзге (шығыстар)/табыстар бойынша (істен шығулар)/түсімдер	(337,764)	139,923
Қызметкерлер құрамына төленген шығындар	(1,678,412)	(1,391,317)
Жалпы және әкімшілік төленген шығындар	(1,264,090)	(1,076,287)
	<b>22,185,641</b>	<b>27,138,064</b>
<b>Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы</b>		
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	(518)	21,449
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	106	3,431
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	4,370,029	31,394,698
Қаржылық жалгерлік шарттары бойынша беруге жататын активтер	(3,555,161)	(122,206)
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	7,131,557	7,060,676
Өзге активтер	(269,725)	293,921
<b>Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюы)/азаюы</b>		
Мемлекеттік субсидиялар	(105,147)	(436,632)
Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің табыстары	767,549	654,029
Өзге міндеттемелер	(108,932)	(15,578)
<b>Операциялық қызметтен табыс салығын төлегенге дейін алынған ақша қаражаттарының таза қозғалысы</b>	<b>30,415,399</b>	<b>65,991,852</b>
Төленген табыс салығы	(7,544)	(59,684)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі</b>	<b>30,407,855</b>	<b>65,932,168</b>

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

*«Қазақстан тұрғын үй Компаниясы» АҚ  
2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы ақшалай қаражаттың  
қозғалысы туралы қысқартылған есеп*

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(129,869,146)	(47,623,694)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	176,935,426	29,043,837
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(300,458)	(393,643)
Инвестициялық меншікті сату	511,483	-
<b>Инвестициялық қызметтен/(қызметке) ақшалай қаражаттың түсуі/(пайдаланылуы)</b>	<b>47,277,305</b>	<b>(18,973,500)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу	(180,000,000)	-
Басқа да тартылған қаражаттың түсімі	38,279,385	-
Басқа да тартылған қаражатты өтеу	(2,523,754)	-
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсетін түсімдер	1,153,662	39,339
Төленген дивидендтер	(4,691,377)	-
<b>Қаржылық қызметтен/(қызметке) ақшалай қаражаттың (пайдаланылуы)/түсуі</b>	<b>(147,782,084)</b>	<b>39,339</b>
<b>Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы</b>	<b>(70,096,924)</b>	<b>46,998,007</b>
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарының мөлшеріне және олардың баламаларына әсері	38,330	(6,113)
Күтілетін кредиттік залалдардың өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	4,133	42,503
Кезең басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	305,418,549	245,237,171
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары (9-ескертпе)</b>	<b>235,364,088</b>	<b>292,271,568</b>

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған есеп оның ажырамас бөлігі болып табылатын осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.



мың теңге	Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар						Барлығы
	Акционерлік капитал	Эмиссиялық табыс	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда		
2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық	193,432,016	12,661	3,389,392	2,734,447	46,205,967	243,176,961	
Кезеңдегі пайда және жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	20,535,044	20,535,044	
Кезеңдегі пайда және жалпы жиынтық табыс, аудиттелмеген	-	-	-	-	-	-	
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар, аудиттелмеген	-	-	-	-	(31,275,846)	(31,275,846)	
Жарияланған дивидендтер (18(а)-ескертпе)	-	-	-	-	(8,826,420)	(8,826,420)	
Акционерге бөлу (11-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	
2023 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қалдық, аудиттелмеген	193,432,016	12,661	3,389,392	2,734,447	26,638,745	223,609,739	
2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық	193,432,016	12,661	3,389,392	2,734,447	47,953,856	244,924,850	
Кезеңдегі пайда және жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	9,667,160	9,667,160	
Кезеңдегі пайда және жалпы жиынтық табыс, аудиттелмеген	-	-	-	-	-	-	
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар, аудиттелмеген	-	-	-	-	(29,295,177)	(29,295,177)	
Жарияланған дивидендтер (18(а)-ескертпе)	-	-	-	-	-	-	
2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қалдық, аудиттелмеген	193,432,016	12,661	3,389,392	2,734,447	28,325,839	225,296,833	

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

## **1 Есеп беретін ұйым**

### **(а) Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі**

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») 2000 жылдың 20 желтоқсанындағы №469 қаулысына сәйкес «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ИҰ» АҚ ретінде 2000 жылдың 29 желтоқсанында құрылды. Компанияның негізгі қызметі банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы негізінде қарыздар беру болып табылады. Компания сенімгерлік басқару, факторинг, форфейтинг және лизинг операцияларын қосымша жүзеге асыра алады. Компания мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- инвестициялық қызмет;
- инвестициялық жобаларды, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу арқылы қаржыландыру және іске асыру;
- қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты орналастыру және өзге қаржы ұйымдарына кредит беру;
- бағалы қағаздарды, оның ішінде облигацияларды шығару және орналастыру;
- жылжымайтын мүлік объектілерін, оның ішінде кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдау (жалгерлік);
- көп пәтерлі тұрғын үйдің, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылысын аяқтауға кепілдік беру, кепілдік беру жағдайы басталған кезде оны пайдалануға қабылдау және тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлестерді үлескерлерге беру;
- «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған уәкілетті ұйымға және тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде құрылысты жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қарыздар беру;
- халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау.

2021 жылдың 16 ақпанында Компания банктік қарыз операцияларын жүргізуге №4.1.13 банктік лицензия алды.

Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен реттеледі.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, ғим. 55А.

### **(б) Акционерлер**

2024 жылдың 30 маусымындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания толығымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға («Бас компания») тиесілі. Қазақстан Республикасы Үкіметі Компанияның қызметін түпкілікті бақылаушы тарапы болып табылады.

### **(в) Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті іске асыру талаптары**

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының орнықсыздығы және Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы жалғасып жатқан әскери қақтығыс та шаруашылық қызметті іске асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

Ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттарының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсерін тигізетіні туралы Компания басшылығының көзқарасын қамтып көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайлардың нақты әсері олардың Компания басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## **2 Есепке алу негіздері**

### **(а) Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпарат «Аралық қаржылық есептілік» атты 34 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес әзірленген, және Компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күнге аяқталған жылдағы соңғы жылдық қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған («ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттары») бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған толық жылдық есептілік үшін ашылуы тиіс толық ақпаратты қамтымайды. Осы ақпараттың құрамына соңғы жылдық қаржылық есептіліктен кейін орын алған Компанияның қаржылық жағдайындағы өзгерістерді оның қызметінің нәтижелеріне түсіну үшін қажетті елеулі оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертпелер енгізілді.

### **(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары**

Қысқартылған аралық қаржылық ақпарат өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

### **(в) Есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларды пайдалану**

Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты дайындаған кезде басшылық есепке алу саясатын қолдануға және қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, табыстар мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдаулар, жорамалдар мен есептік бағалаулар пайдаланылды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Компанияның есеп саясатын қолданған кезде басшылық құрған маңызды пайымдаулар және есептік бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері соңғы жылдық қаржылық есептілікте сипатталғандарға ұқсас.

### **(г) Функционалдық валюта және ақпаратты ұсыну валютасы**

Қазақстандық теңге («теңге») Компанияның функционалдық валютасы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің және оның қызметіне әсер ететін олармен байланысты мән-жайлардың экономикалық мәнін ең жақсы бейнелейді.

Сондай-ақ, Қазақстандық теңге осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Аталған жағдайларды қоспағанда, қаржылық ақпараттың барлық деректері мың теңгеге дейін дөңгелектенді.

## **3 Есеп саясатының елеулі қағидаттарын өзгерту**

Төменде сипатталған өзгерістерді қоспағанда, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта қолданылатын есеп саясаты соңғы жылдық қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылған есеп саясатына дәл келеді.

Компания 2020 және 2022 жылдары шығарылған *«Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу»* және *«Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер»* ХҚЕС-ке (IAS 1) Түзетулерді қабылдады. Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге ретроспективті түрде қолданылады. Олар міндеттемені қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу қажеттігін анықтау үшін кейбір талаптарды түсіндіреді және есепті күннен кейін 12 ай ішінде тексерілуі тиіс ковенанттар әрекеті таралатын ұзақ мерзімді міндеттемелерге қатысты жаңа ақпараттың ашылуын талап етеді. Бұл топ құрамындағы кәсіпорынның меншікті акцияларымен (мысалы, Компания шығарған айырбасталатын облигациялармен) өтелуі мүмкін міндеттемелердің жіктелуіне қатысты есеп саясатының өзгеруіне әкелді. Бұрын Компания тиісті міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеген кезде барлық айырбастау шарттарын ескермеген болатын. Міндеттеме топ ұйымының құрамына кіретін кәсіпорынның меншікті акцияларын табыстау арқылы есептеу жүргізілуі мүмкін айырбастау шартын қамтитын қайта қаралған саясатқа сәйкес, Компания оның құрама құралдың меншіктік капиталының құрамдасы ретінде жіктелетін жағдайларды қоспағанда, негізгі міндеттемені қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеген кезде айырбастау шартын ескереді.

Саясаттың өзгеруіне қарамастан, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның айырбасталатын облигациялары жоқ болғандықтан, салыстырмалы қаржылық жағдай туралы есепке әсер жоқ.

Есеп саясатындағы өзгерістер 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күні аяқталатын жылдағы Компанияның қаржылық есептілігінде де көрсетіледі деп күтілуде.

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Алайда, Компания осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты дайындаған кезде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын ауысуды жүзеге асырған жоқ.

#### 4 Таза пайыздық табыс

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
<b>Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық табыстар</b>		
<b>Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері</b>		
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	45,529,093	48,109,054
«Кері РЕПО» мәмілелері	16,397,759	14,157,641
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	5,914,811	7,173,178
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	3,325,820	3,108,687
Ақша қаражаттары және оның баламалары	595,716	1,633,078
Өзге активтер	8,904	5,661
	<b>71,772,103</b>	<b>74,187,299</b>
<b>Өзге пайыздық табыстар</b>		
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	6,232,698	6,410,214
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	139,742
	<b>6,232,698</b>	<b>6,549,956</b>
<b>Пайыздық шығындар</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(41,228,250)	(43,604,508)
Өзге де тартылған қаражаттар	(9,746,187)	(9,167,205)
	<b>(50,974,437)</b>	<b>(52,771,713)</b>
<b>Таза пайыздық табыс</b>	<b>27,030,364</b>	<b>27,965,542</b>

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек жөніндегі пайыздық табыстың құрамына 4,044,451 мың теңге мөлшеріндегі мемлекеттік субсидиялардың амортизациясы енгізілді, аудиттелмеген (2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 4,035,367 мың теңге, аудиттелмеген) (16-ескертпе).

#### 5 Борыштық қаржы құралдары бойынша резервтерден түскен (шығыстар)/табыстар

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек (13-ескертпе)	46,896	(198,526)
Ақша қаражаттары және оның баламалары	4,133	42,503
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	(735,214)	(181,298)
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі (12-ескертпе)	(240,314)	848,515
Өзге қаржы активтері	(24,226)	9,319
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	(2,756)	181,768
	<b>(951,481)</b>	<b>702,281</b>

## 6 Берілген кепілдіктерден түскен табыс

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша комиссиялар	750,177	850,590
Қаржылық кепілдіктер үшін комиссиялар	83	109
	<b>750,260</b>	<b>850,699</b>

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде танылған құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жөніндегі комиссиялар құрылыс компанияларына қатысты кепілдіктер бойынша алынған комиссиялардың амортизациясы нәтижесінде туындайды.

## 7 Өзге операциялық шығындар

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Сатып алынған ұзақ мерзімді бағалы қағаздар бойынша бастапқы дисконтты танудан болған залал (11-ескертпе)	(43,690,911)	(6,839,436)
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша бастапқы дисконтты танудан болған залал (12-ескертпе)	(25,011,667)	(67,644)
Инвестициялық мүлікті жалға беруден болған шығын	(322,180)	(287,257)
Жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға байланысты таза залал	(158,003)	(181,735)
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған залал	(146,226)	(301,293)
Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түсетін табыс (16-ескертпе)	40,141,121	1,242,064
Инвестициялық мүлікті жалға беруден болған табыс	595,968	451,128
Ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен табыс	206,293	-
Банктердегі қаражатты мерзімінен бұрын өтеуден түскен табыс	4,135	4,178
Өзгелер (шығындар)/табыстар	(179,357)	81,559
	<b>(28,560,827)</b>	<b>(5,898,436)</b>

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Компания 119,449,683 мың теңге сомасында жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алды (2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 32,623,694 мың теңге, аудиттелмеген) (11-ескертпе). Бастапқы тану кезінде әділ құн мен дисконт түріндегі сатып алу құны арасындағы айырма 37,603,987 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидияны пайдалану арқылы ішінара өтелген аудиттелмеген 43,690,911 мың теңгені құрады (2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай: 1,242,064 мың теңге мөлшерінде мемлекетті субсидияны пайдалану арқылы ішінара өтелген 6,839,436 мың теңге, аудиттелмеген).

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған есепті кезеңде Компания «Елорда Құрылыс Компаниясы» ЖШС мен Астана қаласының әкімдігімен несиелерді өтеу мерзімін ұзарту туралы қосымша келісімдер жасады, несиелер 24,967,650 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшеріндегі түрлендірулер нәтижесіндегі әсердің мойындалуына әкеліп соқтырған 12.07% және 13.51% нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің пайдаланылуымен қосымша келісімдер жасалған күнгі әділ құнға дейін келтірілді және 261,999 мың теңге (аудиттелмеген) сомасындағы мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемелердің ішінара өтелді.

## 8 Табыс салығы бойынша шығыс

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Уақытша айырмашылықтар мен бағалау резервіндегі өзгерістердің туындауы және қалпына келуі салдарынан кейінге қалдырылған салық активтерінің/кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасының өзгеруі	4,192,306	(335,465)
<b>Табыс салығы бойынша шығындардың барлығы</b>	<b>4,192,306</b>	<b>(335,465)</b>

Есепті кезеңде ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20%-ды құрайды (2023 жылы: 20%).

### 30 маусымда аяқталған алты айға табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме есебі:

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	%	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	%
<b>Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда</b>	<b>5,474,854</b>	<b>100</b>	<b>20,870,509</b>	<b>100</b>
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемелерге сәйкес есептелген табыс салығы	(1,094,971)	(20)	(4,174,102)	(20)
Бағалы қағаздар бойынша салық салудан босатылған пайыздық табыс	3,664,308	67	5,099,530	24
Құнсызданудан орын алған салық салынбайтын табыстар/(шегерілмейтін залалдар)	1,767,619	32	(1,164,543)	(6)
Өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауды танудан түсетін шегерілмейтін залал	(32,291)	(1)	-	-
Өзге шегерілмейтін шығындар	(112,359)	(2)	(96,350)	-
	<b>4,192,306</b>	<b>76</b>	<b>(335,465)</b>	<b>(2)</b>

Пайдаға салынатын салық бойынша шығын аралық есепті кезең үшін салық салынғанға дейінгі пайданың көрсеткішін осы аралық кезеңде толық сомада танылған белгілі бір объектілердің салық әсеріне түзете отырып, басшылықтың бүкіл қаржылық жыл үшін пайдаға салынатын салықтың орташа өлшемді жылдық мөлшерлемесін ең жоғары бағалауына тең мөлшерлемеге көбейту арқылы айқындалған сомада танылады. Осылайша, аралық қысқартылған қаржылық ақпараттағы тиімді салық мөлшерлемесі басшылықтың жылдық қаржылық есептілік үшін тиімді салық мөлшерлемесін бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## 9 Ақша қаражаттары және оның баламалары

2024 жылдың 30 маусымы, аудиттелмеген				
	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-күнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-күнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Барлығы
мың теңге				
<b>ҚРҰБ-дағы «Ностро» түріндегі шоттар</b>	49,058,491	-	-	49,058,491
<b>Басқа банктердегі «Ностро» түріндегі шоттар</b>				
«BBB» кредиттік рейтингі бар	2,986,842	-	-	2,986,842
«BBB-» кредиттік рейтингі бар	1,072,758	-	-	1,072,758
«BB+» кредиттік рейтингі бар	31,895	-	-	31,895
«BB» кредиттік рейтингі бар	16,177	-	-	16,177
«BB-» кредиттік рейтингі бар	44,789	-	-	44,789
«B-» кредиттік рейтингі бар	2,004	-	-	2,004
Рейтингсіз	5	-	-	5
<b>Күнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін банктердегі «Ностро» түріндегі шоттардың барлығы</b>	<b>53,212,961</b>	-	-	<b>53,212,961</b>
Кері РЕПО мәмілелері үш айдан кем бастапқы өтеу мерзімімен	182,228,168	-	-	182,228,168
<b>Күнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін ақша қаражаттары мен олардың баламаларының барлығы</b>	<b>235,441,129</b>	-	-	<b>235,441,129</b>
Залалға арналған бағалау резерві	(77,041)	-	-	(77,041)
<b>Ақша қаражаттары және оның баламаларының барлығы</b>	<b>235,364,088</b>	-	-	<b>235,364,088</b>
31 желтоқсан 2023 жыл				
	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-күнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-күнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Барлығы
мың теңге				
<b>ҚРҰБ-дағы «Ностро» түріндегі шоттар</b>	76,794,128	-	-	76,794,128
<b>Басқа банктердегі «Ностро» түріндегі шоттар</b>				
«BBB» кредиттік рейтингі бар	3,116,669	-	-	3,116,669
«BBB-» кредиттік рейтингі бар	6,275,144	-	-	6,275,144
«BB» кредиттік рейтингі бар	378,580	-	-	378,580
«BB-» кредиттік рейтингі бар	46,538	-	-	46,538
Рейтингсіз	6	-	-	6
<b>Күнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін банктердегі «Ностро» түріндегі шоттардың барлығы</b>	<b>86,611,065</b>	-	-	<b>86,611,065</b>
үш айдан кем бастапқы өтеу мерзімімен	218,888,397	-	-	218,888,397
<b>Күнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін ақша қаражаттары мен олардың баламаларының барлығы</b>	<b>305,499,462</b>	-	-	<b>305,499,462</b>
Залалға арналған бағалау резерві	(80,913)	-	-	(80,913)
<b>Ақшалай қаражат пен оның баламаларының жиыны</b>	<b>305,418,549</b>	-	-	<b>305,418,549</b>



Кредиттік рейтингтер «Standard & Poor' s» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Компанияның екі контрагенті бар (2023 жылдың 31 желтоқсаны: бір контрагент), олардың үлесіне капиталдың 10%-дан астамы тиесілі. Көрсетілген контрагенттердегі қалдықтардың жиынтық көлемі 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша 49,058,491 мың теңгені құрайды (2023 жылдың 31 желтоқсаны: 76,794,128 мың теңге).

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде Компания Қазақстан қор биржасында контрагенттермен «кері РЕПО» мәмілелерін жасады. Бұл операциялар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық міндеттемелерімен қамтамасыз етілген. 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша «кері РЕПО» мәмілелері бойынша қамтамасыз ету ретінде әрекет ететін қаржы активтерінің әділ құны 182,228,168 мың теңгені (2023 жылдың 31 желтоқсаны: 218,888,397 мың теңге) құрайды, аудиттелмеген.

## 10 Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар

мың теңге	2024 жылдың 30 маусымы, аудиттелмеген			Жиыны
	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік-құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	
<b>Мерзімді депозиттер</b>				
«BB» кредиттік рейтингі бар	50,525,956	-	-	50,525,956
	<b>50,525,956</b>	-	-	<b>50,525,956</b>
<b>Қарыздар</b>				
«BBB» кредиттік рейтингі бар	19,625,540	-	-	19,625,540
<b>Залалға резерв шегерілгенге дейін банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттардың барлығы</b>	<b>70,151,496</b>	-	-	<b>70,151,496</b>
Құнсызданудан болған резерві	(22,533)	-	-	(22,533)
<b>Залалға резерв шегерілгенде, банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттардың барлығы</b>	<b>70,128,963</b>	-	-	<b>70,128,963</b>

	31 желтоқсан 2023 жыл			Жиыны
	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсыздан- баған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	
<b>мың теңге</b>				
<b>Мерзімді депозиттер</b>				
«ВВ» кредиттік рейтингі бар	50,027,397	-	-	50,027,397
	<b>50,027,397</b>	-	-	<b>50,027,397</b>
<b>Қарыздар</b>				
«ВВВ» кредиттік рейтингі бар	19,056,824	-	-	19,056,824
<b>Залалға резерв шегерілгенге дейін банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттардың жиыны</b>	<b>69,084,221</b>	-	-	<b>69,084,221</b>
Құнсызданудан болған резерві	(19,777)	-	-	(19,777)
<b>Залалға резерв шегерілгенде, банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттардың жиыны</b>	<b>69,064,444</b>	-	-	<b>69,064,444</b>

Кредиттік рейтингтер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

Депозиттер мен қарыздар бойынша қалдықтар мерзімі өткен болып табылмайды.

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Компанияның екі контрагенті бар (2023 жылдың 31 желтоқсаны: бір контрагент), олардың үлесіне капиталдың 10%-дан астамы тиесілі. Көрсетілген контрагенттердегі қалдықтардың жиынтық көлемі 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша 50,525,956 мың теңгені құрайды (2023 жылдың 31 желтоқсаны: 50,027,397 мың теңге).

Компанияда 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша жылдық 11.0% сыйақы мөлшерлемесімен (2023 жылы: жылдық 10.0%), 2027 жылдың ақпанында өтеу мерзімімен теңгедегі мерзімді депозиттер бар.

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған жыл ішінде Компания қазақстандық банкте жалпы сомасы 50,000,000 мың теңгедегі депозит орналастырды. Шарттың талаптарына сәйкес депозит өтеу мерзімі басталғанға дейін кез келген уақытта толық немесе ішінара алынуы мүмкін.

## 11 Инвестициялық бағалы қағаздар

2024 жылдың 30 маусымы, аудиттелмеген				
мың теңге	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсыздан- баған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Барлығы
<b>Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар</b>				
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелері	1,498,169	-	-	1,498,169
ВВВ кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар	19,061,824	-	-	19,061,824
ВВ- кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер шығарған корпоративтік облигациялар	10,955,979	-	-	10,955,979
В кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар	3,004,313	-	-	3,004,313
Жергілікті атқарушы органдардың облигациялары (ЖАО)	738,729,547	-	-	738,729,547
Кредиттік рейтингі жоқ корпоративтік облигациялар	-	-	1,117,796	1,117,796
	<b>773,249,832</b>	-	<b>1,117,796</b>	<b>774,367,628</b>
Залалға арналған бағалау резерві	(1,331,003)	-	(1,117,796)	(2,448,799)
<b>Баланстық құн</b>	<b>771,918,829</b>	-	-	<b>771,918,829</b>
<b>31 желтоқсан 2023 жыл</b>				
мың теңге	12 айлық күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсыздан- баған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар	Барлығы
<b>Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар</b>				
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелері	1,462,800	-	-	1,462,800
ВВВ кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар	13,368,277	-	-	13,368,277
ВВ- кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер шығарған корпоративтік облигациялар	10,960,534	-	-	10,960,534
Жергілікті атқарушы органдардың облигациялары (ЖАО)	808,973,997	-	-	808,973,997
Тағайындалған кредиттік рейтингі жоқ корпоративтік облигациялар	-	-	1,117,796	1,117,796
	<b>834,765,608</b>	-	<b>1,117,796</b>	<b>835,883,404</b>
Залалға арналған бағалау резерві	(595,789)	-	(1,117,796)	(1,713,585)
<b>Баланстық құн</b>	<b>834,169,819</b>	-	-	<b>834,169,819</b>

Кредиттік рейтингтер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған есепті кезең ішінде Компания 2026 және 2034 жылдары өтеу мерзімімен 119,449,683 бірлік мөлшерінде бірлігіне 1 мың теңге бағамен жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алды, аудиттелмеген. Облигациялар бойынша купондық мөлшерлемелер жылдық 0.35% және 0.02% құрайды. Облигациялар жылдық 12.19%-13.06%% шегінде нарықтық мөлшерлемелерді пайдаланылуымен есептелген 75,758,772 мың теңге (аудиттелмеген) әділ құны бойынша танылды. Бастапқы тану кезіндегі дисконт 43,690,911 мың теңгені (аудиттелмеген) құрады, және пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған есепте (7-ескертпе) өзге операциялық залалдарда танылып, 37,603,987 теңге (аудиттелмеген) сомасындағы осы облигацияларды сатып алу мақсатында алынған мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемелердің азаюы есебінен ішінара өтелді (16-ескертпе).

2024 жылдың 30 маусымында аяқталған есепті кезең ішінде жергілікті атқарушы органдар 174,435,426 (аудиттелмеген) теңге мөлшерінде облигацияларды өтеді. 68,594 (аудиттелмеген) теңге мөлшерінде дисконтты қайта есептеу жергілікті атқарушы органдардың облигацияларының ішінара өтелуіне байланысты мемлекеттік субсидиялар ретінде танылды (16-ескертпе).

2024 жылдың 30 маусымындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік облигациялар болып жалпы құны 1,117,796 мың теңге құрайтын «Қазақстан Қағазы» АҚ шығарған пайыздық бағалы қағаздар табылады. Компания бұл облигацияларды толығымен құнсызданған деп санайды, өйткені Компания эмитенттің қаржылық жағдайын бағалау негізінде осы активтерден болашақ ақша ағындарын күтпейді.

Компания есепті кезең ішінде қазақстандық компаниялардың купондық облигацияларын 8,000,000 бірлік мөлшерінде бірлігіне 1 мың теңге бағасымен, жылдық 13.50% және 17.25% купондық мөлшерлемесімен және 2025 жылы өтеу мерзімімен сатып алды.

## 12 Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі

	2024 жылдың 30 маусымы, аудиттелмеген мың теңге	2023 жылдың 31 желтоқсаны мың теңге
<b>Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған кредиттер және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек</b>		
«Елорда құрылыс Компаниясы» ЖШС қарызы	30,560,751	53,330,839
Корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар	3,611,956	3,251,706
Занды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	2,406,975	2,581,058
<b>Занды тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған кредиттер мен ұзақ мерзімді дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>36,579,682</b>	<b>59,163,603</b>
Жеке тұлғаларға берілген ипотекалық кредиттер	34,430,120	38,518,760
Жеке тұлғаларға берілген жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	9,003,977	9,658,034
	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Кезең басындағы қалдық	713,020	1,092,202
Қаржылық кепілдіктер бойынша еңбекпен табылған комиссиялар	(83)	(109)
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша еңбекпен табылған комиссиялар	(750,177)	(850,591)
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша алынған комиссиялар	767,563	654,155
Қаржылық кепілдіктер бойынша комиссиялар	-	14
Табыстар бойынша ҚҚС	(82,250)	(70,101)
<b>Кезең соңындағы жағдай бойынша қалдық</b>	<b>648,073</b>	<b>825,570</b>

Берілген кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің табыстарына қаржылық кепілдіктер жөніндегі комиссиялардың бір бөлігі және есеп айырысулар бойынша келесі немесе кейінгі қаржы жылдарында пайда болатын құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша комиссиялардың пропорционалды әдісті пайдалана отырып, әрбір қаржылық кепілдік шарты және құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарт үшін жеке есептелген бір бөлігі кіреді.

### Құрылыс жобалары бойынша берілген кепілдіктер бойынша талаптарға резервтердің өзгеруін талдау

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың теңге
Кезең басындағы жағдай бойынша резерв шамасы	24,207,895	22,676,679
Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша резервтердегі өзгеріс	(10,201,471)	6,099,248
<b>Кезең соңындағы жағдай бойынша резерв шамасы</b>	<b>14,006,424</b>	<b>28,775,927</b>

**Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша резервтерді есептеу үшін пайдаланылатын негізгі жорамалдар**

Сақтандыру активтері мен міндеттемелерін бағалау үшін пайдаланылатын жорамалдар сақтандыру шарттары бойынша кез келген болашақ міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті резервтерді барынша дұрыс қалыптастыруға арналған.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компания залалдарды толық реттеу үшін қажетті болжамды сомаға резерв қалыптастырады.

Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін Компания тәуекел деңгейін анықтайтын уәкілетті Компанияға/құрылыс салушыға берілген рейтингті пайдаланады. Рейтинг уәкілетті Компанияның/құрылыс салушының сандық және сапалық көрсеткіштерін: сату тиімділігін, активтердің рентабельділігін, мерзімді өтімділік коэффициентін, төлем қабілеттілігі коэффициентін, пайыздарды жабу коэффициентін, ағымдағы борыштың активтерге қатынасы көрсеткішін, меншікті капиталға жиынтық міндеттемені, пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңының шаршы метрінің көлемін, бас мердігер лицензиясының санатын, техникалық жабдықтауды есепке алады.

Уәкілетті Компанияның/құрылыс салушының құрылыс-монтаждау жұмыстарының кейіндеуіне және сату жоспарының орындалмауына байланысты кепілдік мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуі сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыру факторы болып саналады.

Кепілдік беру туралы шарт бойынша құрылыс салушының және құрылысты жүзеге асыру үшін уәкілетті Компанияның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету құрылыс салушының уәкілетті Компанияда қатысу үлесінің кепілі және жер учаскесінің (оған арналған құқықтардың) кепілі болып табылатындығын ескере отырып, Компанияның бағалауы бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде нақты өтем сомасы құрылыстың аяқталу сатысына және құнына, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке нарықтық бағаның өзгеруіне байланысты болады.

Күтілетін залалдарды бағалау Компанияның статистикалық деректерді жинақтауына қарай қайта қаралады.

Компания басшылығы құрылыс жобалары бойынша кепілдік шарттары қоржынның көрсеткіштері, негізінен, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығының бағалау коэффициенттерінің өзгеруіне және сақтандыру жағдайы басталған кезде нақты өтемді бағалауға сезімтал деп есептейді. Компания жоғарыда аталған айнымалы шамалардың соңғы мәндеріне сүйене отырып, өзінің есептік бағалауларына үнемі өзгерістер енгізіп отырады.

Кепілді жағдайдың күтілетін ықтималдығы плюс/минус бір пайызға өзгерген кезде, берілген кепілдіктер бойынша резервтердің мөлшері 140,064 мың теңгеге (аудиттелмеген) (2023 жылдың 31 желтоқсанға: 242,079 мың теңге) жоғары/төмен болар еді.

**Кепілдік жағдайының басталуы**

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңның 37-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес 2023 жылдың маусымында Компания «Атырау қаласындағы Нұрсая шағын ауданында 9 қабатты төрт тұрғын үй салу» жобасы бойынша кепілдік беру жағдайы тіркелді, оның ішінде 9 қабатты үш тұрғын үй кепілдік беру объектілері болып табылды.

Компания 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша берілген кепілдік бойынша 433,342 мың теңге (аудиттелмеген) мөлшерінде резерв есептеді.

Уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес және қабылдау-тапсыру актісі негізінде құрылтайшы Компанияға басқарушы Компанияның жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сенімгерлікпен басқаруға берді.

Уәкілетті Компанияны Компания шоғырландырмайды, өйткені ол (жеке және жиынтықта) Компанияның қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері және ақша ағындары үшін маңызсыз болып табылады.

## 18 Акционерлік капитал және резервтер

### (а) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның резервтерін бөлу үшін қолжетімді шама ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен немесе егер жинақталған залал болашақ кезеңдерге ауыстырылса, есепті кезеңдегі пайданың шамасымен шектеледі. Егер меншікті капиталдың мөлшері теріс болса немесе таза табысты бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлуге жол берілмейді.

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания өткен жылдың қорытындысы бойынша жай акцияға 29,295,177 мың теңге (бір акцияға 1,661.57 теңге), аудиттелмеген сомасындағы дивидендтер жариялаған (2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде 31,275,846 мың теңге мөлшеріндегі дивидендтер (бір акцияға 1,773.91 теңге)), соның ішінде 26,584,469 мың теңге сомасындағы дивидендтер төленіп, төлем көзіндегі 4,691,377 мың теңге сомасындағы КТС ұсталған.

2023 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне енгізілген өзгерістер негізінде Компани Акционер алдында дивидендтер бойынша кредиторлық берешек пен 4,691,377 мың теңге сомасындағы салықтар бойынша талаптарды мойындады.

### (б) Акцияға базалық және бытыраңқы пайда

Акцияға базалық және бытыраңқы пайда жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі пайда немесе залал сомасын кезең ішінде айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі.

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай
Кезең ішіндегі пайда, мың теңгемен	9,667,160	20,535,044
Жай акциялардың орташа өлшенген саны	17,631,022	17,631,022
<b>Акцияға шаққандағы базалық және бытыраңқы пайда, теңгемен</b>	<b>548</b>	<b>1,165</b>

### (в) Бөлінбеген пайда құрамындағы өзге де резервтер

Компания «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2016 жылдың 7 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес кепілдік жағдайын реттеуге резерв құрды. Кепілдік жағдайларын реттеуге арналған резерв қаражаты Компанияның кепілдік беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты шығындарды жүзеге асыру мақсатында ғана пайдаланылуы мүмкін. 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кепілдікті жағдайды реттеуге арналған резерв 4,981,210 мың (аудиттелмеген) теңгені құрады, ол бөлінбеген таза пайда құрамына енгізілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 5,642,540 мың теңге).

## 19 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару ипотекалық қызметтің негізінде жатыр және Компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Компания өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша төменде сипатталғандарды қоспағанда, 2023 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда нарықтық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне қатысты елеулі өзгерістер болған жоқ.



Геосаяси жағдайға байланысты белгісіздіктерді барабар көрсету үшін Компания мұнай бағасының және елдің ЖІӨ-нің жаңартылған болжамдарын назарға ала отырып, 2024 жылдың бірінші жартыжылдықтағы болжамды макроэкономикалық индикаторларды қоса алғанда, күтілетін несиелік залалдарды бағалау үлгілерінде пайдаланылатын болжамды ақпаратты жаңартты.

Шолу күніндегі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымы мың теңге	2023 жылдың 31 желтоқсаны мың теңге
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаттары және оның баламалары	235,364,088	305,418,549
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	70,128,963	69,064,444
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	771,918,829	834,169,819
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүліктің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі:		
- Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын	13,539,293	11,028,026
- Амортизациялық құны бойынша бағаланатын	78,099,403	105,681,741
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	133,587,517	138,842,941
Өзге қаржы активтері	145,475	106,170
<b>Ең жоғары деңгейлі тәуекелдердің жиыны</b>	<b>1,302,783,568</b>	<b>1,464,311,690</b>

#### **Берілген кепілдіктер бойынша тәуекелдерді басқару**

Компания құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар жасасады. Компания кепілдік беру жағдайы басталған кезде тұрғын үй құрылысын аяқтауға және тұрғын ғимараттағы үлестерді үлескерлерге беруге кепілдік береді. 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Компанияның қолданыстағы 49 кепілдік беру шарты болды (2023 жылдың 31 желтоқсаны: қолданыстағы 53 шарт).

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Компания шығарған қолданыстағы кепілдіктер бойынша міндеттемелердің ең жоғары сомасы 285,246,005 мың (аудиттелмеген) теңгені құрады (2023 жылдың 31 желтоқсаны: 320,096,435 мың теңге).

Құрылыс жобалары бойынша кепілдік беру туралы шарттар бойынша Компания тап болатын негізгі тәуекел кепілдік жағдайлары бойынша нақты төлемдер немесе оларды төлеу уақыты күтілгеннен өзгеше болуы мүмкін екендігінде болып табылады. Осылайша, Компанияның мақсаты осы міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті резервтерді қамтамасыз ету болып табылады.

Сақтандыру тәуекелі негізінен құрылыс салушымен байланысты қаржылық және заңды тәуекелдерді бағалау арқылы басқарылады. Компания құрылыс салушының қаржылық жағдайын, жобаны қаржыландыру көздерін талдауды, құрылыс Компаниясының баға саясатының сәйкестігін талдауды бағалайды, жобаға техникалық сараптама, ал кепілдік берілгеннен кейін - құрылыс барысының мониторингін жүргізеді. Сонымен қатар, Компания жоба бойынша құқықтық және бедел тәуекелдерін белгілеу үшін құқықтық бағалау жүргізеді. Клиенттің тұрғын үй ғимаратының құрылысын аяқтау бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында Компания қамтамасыз ету сапасына уәкілетті Компанияның 100% үлесін, құрылысы аяқталмаған жер учаскесін қабылдайды.

## 20 Шартты міндеттемелер

### (а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әлі қолжетімсіз. Компания өзінің өндірістік үй-жайлары мен жабдықтарына, өндірісті тоқтатуға немесе апаттар немесе Компания қызметі нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысына ие болмайды. Компания тиісті сақтандыруға ие болғанға дейін белгілі бір активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

### (б) Соттың істі қарауы

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі заңды кінәратталаптарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) болашақта Компания қызметінің нәтижелерінің қаржылық жағдайларына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

### (в) Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, бұл ҚЕХС-ке сәйкес табыстарды, шығындарды және жеке қаржылық есептіліктің өзге де баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, оларды әртүрлі салық органдарының біркелкі түсіндіруіне жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыздар алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеушілер жүргізеді. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл жағдайлар Қазақстандағы салықтық тәуекелдер басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың қолданыстағы салық заңнамасын түсіндіруіне, нормативтік құжаттардың ресми түсініктемелеріне және сот шешімдеріне сүйене отырып, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта толық көрсетілген. Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі Компания басшылығының пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеп ықпал ету шаралары қолданылған жағдайда, олардың Компанияның қысқартылған аралық қаржылық ақпаратына әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

## 21 Байланысты тараптармен операциялар

### (а) Басқарма және директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен жасалатын операциялар

Басқарма және директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде берілген:

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың тенге	Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай мың тенге
Директорлар кеңесінің мүшелері	4,887	9,275
Басқарма Мүшелері	139,447	98,610
	<u>144,334</u>	<u>107,885</u>

2024 жылдың 30 маусымындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерімен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар:

	<u>Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымы мың теңге</u>	<u>Аудиттелмеген Сыйақының орташа мөлшерлемесі</u>	<u>2023 жылдың 31 жетоқсаны мың теңге</u>	<u>Сыйақының орташа мөлшерлемесі</u>
<b>Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есеп</b>				
Клиенттерге берілген кредиттер	56,864	7.40	48,214	6.40
Өзге міндеттемелер	43,181	-	50,466	-

**(б) Өзге де байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар**

Өзге де байланысты тараптар Бәйтерек тобын және өзге де мемлекеттік ұйымдарды қамтиды.

Бұдан әрі берілген сомалар 2024 және 2023 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айдағы пайда немесе залал және басқа да жиынтық табыс туралы қысқартылған аралық есепке енгізілген:

мың теңге	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай		Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай		Аудиттелмеген 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай		Өзге де мемлекеттік ұйымдар	
	Бәйтерек тобы	Өзге де мемлекеттік ұйымдар	Бәйтерек тобы	Өзге де мемлекеттік ұйымдар	Бәйтерек тобы	Өзге де мемлекеттік ұйымдар	Бәйтерек тобы	Өзге де мемлекеттік ұйымдар
Пайда немесе залал туралы қысқартылған аралық есеп								
Пайыздық табыстар	4,479,726	62,710,877	4,981,617	63,976,846				
Пайыздық шығындар	(46,826,938)	(1,127,250)	(48,524,290)	(887,919)				
Өзге таза операциялық табыстар/(залалдар)	10,948,726	(39,055,035)	1,676,828	(6,971,215)				
Комиссиялық шығындар	(13)	(1,739)	(22)	(1,609)				
Жалпы және өкімшілік шығындар	-	(343,256)	-	(82,518)				
Борыштық қаржы құралдары бойынша резервтерден түскен (шығыстар)/табыстар	(9,251)	(732,440)	253,940	(146,232)				
Табыс салығы бойынша үнем/(шығыс)	-	4,192,306	-	(335,465)				

2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар:

	Аудиттелмеген Бәйтерек тобы		Аудиттелмеген Өзге де мемлекеттік ұйымдар	
	мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерле- месі, %	мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерле- месі, %
Ақша қаражаттары және оның баламалары	2,986,994	13.00	231,236,141	13.72
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	70,128,963	8.20	-	-
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	19,042,624	3.96	741,923,727	4.85
Клиенттерге берілген кредиттер	-	-	30,496,150	0.40
Ағымдағы салық активі	-	-	9,897,697	-
Өзге активтер	62,962,090	-	160,312	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	593,355,366	6.22	14,589,060	10.08
Өзге де тартылған қаражаттар	231,091,011	0.17	17,986,185	0.05
Мемлекеттік субсидиялар	185,057,985	-	589,562	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	10,137,869	-
Төленетін дивидендтер	29,295,177	-	-	-
Өзге міндеттемелер	-	-	729,042	-

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар:

	Бәйтерек тобы		Мемлекеттік мекемелер	
	мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерле- месі, %	мың теңге	Сыйақының орташа мөлшерле- месі, %
Ақша қаражаттары және оның баламалары	3,451,966	14.25	295,615,724	15.48
Банктердегі қаражаттар	69,064,444	7.57	-	-
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	13,356,648	0.50	809,855,660	4.87
Клиенттерге берілген кредиттер	-	-	53,287,795	0.40
Ағымдағы салық активі	-	-	9,603,172	-
Өзге активтер	79,271	-	110,214	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	745,977,524	5.70	12,555,726	10.09
Өзге де тартылған қаражаттар	222,689,014	0.17	6,829,697	0.10
Мемлекеттік субсидиялар	136,536,959	-	1,772,057	-
Акционер алдындағы міндеттеме	4,691,377	-	-	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	-	14,330,174	-
Өзге міндеттемелер	-	-	743,506	-

## 22 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктеулер

### (а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Келесі кесте 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

Аудиттелмеген мың теңге	Амортизациялан- ған құны бойынша ескерілетін	Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша ескерілетін	Баланстық құнның барлығы	Әділ құны
Ақша қаражаттары және оның баламалары	235,364,088	-	235,364,088	235,364,088
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	70,128,963	-	70,128,963	70,128,963
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	771,918,829	-	771,918,829	773,520,114
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлкті бөліп төлеу арқылы сатудың дебиторлық берешегі	78,099,403	-	78,099,403	55,829,113
- Амортизациялық құны бойынша бағаланатын				
- Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын	-	13,539,293	13,539,293	13,539,293
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	133,587,517	-	133,587,517	133,587,517
Өзге қаржы активтері	145,475	-	145,475	145,475
	<b>1,289,244,275</b>	<b>13,539,293</b>	<b>1,302,783,568</b>	<b>1,282,114,563</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	654,977,714	-	654,977,714	636,288,365
Өзге де тартылған қаражаттар	262,982,430	-	262,982,430	190,931,189
Жарияланған дивидендтер	29,295,177	-	29,295,177	29,295,177
Өзге қаржылық міндеттемелер	4,320,105	-	4,320,105	4,320,105
	<b>951,575,426</b>	<b>-</b>	<b>951,575,426</b>	<b>860,834,836</b>

Келесі кесте 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

мың теңге	Амортизациялан- ған құны бойынша ескерілетін	Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша ескерілетін	Баланстық құнның барлығы	Әділ құны
Ақша қаражаттары және оның баламалары	305,418,549	-	305,418,549	305,418,549
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	69,064,444	-	69,064,444	69,064,444
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	834,169,819	-	834,169,819	844,352,956
Клиенттерге берілген кредиттер және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудың дебиторлық берешегі	105,681,741	-	105,681,741	81,947,475
- Амортизациялық құны бойынша бағаланатын				
- Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын	-	11,028,026	11,028,026	11,028,026
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	138,842,941	-	138,842,941	138,842,941
Өзге қаржы активтері	106,170	-	106,170	106,170
	<b>1,453,283,664</b>	<b>11,028,026</b>	<b>1,464,311,690</b>	<b>1,450,760,561</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	807,471,686	-	807,471,686	777,671,411
Өзге де тартылған қаражаттар	244,788,616	-	244,788,616	178,862,232
Акционер алдындағы міндеттеме	4,691,377	-	4,691,377	4,691,377
Өзге қаржылық міндеттемелер	4,574,080	-	4,574,080	4,574,080
	<b>1,061,525,759</b>	<b>-</b>	<b>1,061,525,759</b>	<b>965,799,100</b>

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайында міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны анықтауға бағытталған. Дегенмен, субъективті пайымдаулардың белгісіздігін және пайдаланылуын ескере отырып, әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау шеңберінде іске асырылатын ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

Белсенді нарықтарда баға белгіленетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны нарықтық баға белгіленімдеріне немесе дилерлер бағасының баға белгіленімдеріне негізделген. Барлық өзге қаржы құралдары үшін Компания бағалау әдістерін қолдана отырып, әділ құнды анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты активтерді сату немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операцияның бағасын көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістері ағымдағы сәтке келтірілген таза құнды бағалау моделін және ақша қаражаты ағындарын дисконттауды, нарықтық баға белгілеулері белгілі ұқсас құралдармен салыстыруды, сондай-ақ бағалаудың өзге де модельдерін қамтиды. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректер тәуекелсіз және базалық пайыздық мөлшерлемелерді, кредитті спрэдтерді және дисконттау мөлшерлемелерін, акциялар мен облигациялардың баға белгілеуін, валюталық бағамдарды, резерв индекстерін, сондай-ақ бағалардың күтілетін ауытқуын және оларды салыстыруды бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулерді қамтиды. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары айқындаған есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды айқындауға бағытталған.

Компания тек Жалпыға қол жетімді нарықтық деректерді қолдана отырып және басшылықтың пайымдамалары мен бағалауларын қажет етпейтін пайыздық және валюталық айырбастар сияқты стандартты және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кеңінен танылған бағалау модельдерін қолданады. Модельдерге арналған бақыланатын баға белгілеулер мен бастапқы деректер әдетте нарықта айналымдағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар үшін қолжетімді.

Неғұрлым күрделі құралдар үшін Компания өзінің бағалау модельдерін қолданады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе барлық маңызды деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық баға белгілеулерден немесе мөлшерлемелерден немесе пайымдау негізінде қалыптастырылған бағалардан туынды болып табылады. Бағалануы бақыланбайтын нарықтық деректерді пайдалануға негізделген құралдардың мысалы ретінде белсенді нарық жоқ кейбір кредиттер мен бағалы қағаздар бола алады.

Әділ құнды бағалау қаржы құралы жақсы хабардар, шын мәнінде осындай мәмілені жасауға ниет білдірген, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін құнды неғұрлым дәл айқындауға бағытталған. Дегенмен, орын алып отырған белгісіздіктер мен бағалаудың субъективтілігіне байланысты әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау жасалуы мүмкін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін мынадай жорамалдарды пайдаланды:

- 13.5% дисконттау мөлшерлемесі банктерге берілген қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылы: 14.6%);
- 11.9% - 13.3% дисконттау мөлшерлемелері борыштық бағалы қағаздар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылы: 11.4% - 15.4%);
- 13.4% - 27.9% дисконттау мөлшерлемелері клиенттерге берілген кредиттер бойынша болашақ ақша ағындарын және жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған дебиторлық берешекті дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жылы: 14.9% - 26.7%);



- қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің әділ құны «Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іс жүзінде барлық тұрғын үй кешендерінің жалға берілуіне байланысты оның баланстық құнына тең, ол бойынша пайыздық мөлшерлемелер пайда болған сәттен бастап өзгермеген;
- 16.4% және 12.2% - 13.6% дисконттау мөлшерлемелері тиісінше Ресей рублімен және теңгемен деноминацияланып шығарылған борыштық бағалы қағаздар мен өзге де тартылған қаражат бойынша болашақ ақша жылыстауларын дисконттау үшін пайдаланылады (2023 жыл: 9.2% және 11.1% - 15.4%).

**(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы**

Компания әділ құнды көрсетілген бағаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің мәнділігін ескеретін әділ құнды бағалаудың мынадай сатысын пайдалана отырып бағалайды.

- 1-деңгей: Бірдей қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға ұсыныстарынан басқа деректер тікелей (яғни баға ұсыныстары) немесе жанама түрде (яғни баға ұсыныстарынан алынған деректер) қол жетімді. Бұл санатқа мыналарды қолдану арқылы бағаланатын құралдар кіреді: белсенді нарықтарда ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулерді, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтарда бірдей немесе ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулерді немесе барлық пайдаланылатын деректері тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы деректерге негізделетін бағалаудың өзге де әдістерін қамтиды.
- 3-деңгей: қол жетімсіз болып табылатын деректер. Бұл санатқа бақыланатын бастапқы деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар кіреді, мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға айтарлықтай әсер етеді. Бұл санатқа ұқсас құралдарға арналған баға белгілеулер негізінде бағаланатын құралдар кіреді, оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін елеулі бақыланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды пайдалану талап етіледі.

Бұдан әрі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қысқартылған қаржылық жағдай туралы аралық есепте және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдарына талдау келтірілген.

**30 маусым 2024 жыл**  
**Қаржылық активтер**  
**мың теңге**

Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер

	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
	-	13,539,293	13,539,293
	-	13,539,293	13,539,293

**31 желтоқсан 2023 жыл**  
**Қаржылық активтер**  
**мың теңге**

Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер

	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
	-	11,028,026	11,028,026
	-	11,028,026	11,028,026

Әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жататын пайда немесе залал құрамында өзгерістері көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының бағалауларындағы өзгерістер мынадай түрде ұсынылуы мүмкін.

	<b>2024 жылдың 30 маусымы мың теңге</b>	<b>2023 жылдың 30 маусымы мың теңге</b>
<b>Қаржылық активтер</b>		
Кезең басындағы қалдық	11,028,026	4,523,388
3-ші деңгейдегі құралдар құрамына сатып алынған	1,114,288	-
Есептелген сыйақы	1,396,979	1,187,919
<b>Кезең соңындағы жағдай бойынша қалдық</b>	<b>13,539,293</b>	<b>5,711,307</b>

Бұдан әрі кестеде 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3-Деңгейіне жатқызылатын қаржы құралдарын бағалау кезінде кезең соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат келтірілген (аудиттелмеген):

<b>Құрал түрі</b>	<b>Әділ құны мың теңге</b>	<b>Бағалау әдісі</b>	<b>Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер</b>	<b>Әділ құнды бағалаудың бақыланбайтын бастапқы деректерге сезімталдығы</b>
Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер	13,539,292	Ақша қаражатының дисконтталған ағымы:	Дисконттау мөлшерлемесі 26.23%	Оқшаулауда көрсетілген бастапқы деректердің кез келгенінің айтарлықтай өсуі әділ құнның төмендеуіне әкеледі. Айтарлықтай төмендеу әділ құнның өсуіне әкеледі.

Бұдан әрі кестеде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының 3 деңгейіне жататын қаржы құралдарын бағалау кезінде жыл соңындағы жағдай бойынша пайдаланылған елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер туралы ақпарат келтірілген:

<b>Құрал түрі</b>	<b>Әділ құны мың теңге</b>	<b>Бағалау әдісі</b>	<b>Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер</b>	<b>Әділ құнды бағалаудың бақыланбайтын бастапқы деректерге сезімталдығы</b>
Клиенттерге берілген, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер	11,028,026	Ақша қаражатының дисконтталған ағымы:	Дисконт мөлшерлемесі 26.03%	Оқшаулауда көрсетілген бастапқы деректердің кез келгенінің айтарлықтай өсуі әділ құнның төмендеуіне әкеледі. Айтарлықтай төмендеу әділ құнның өсуіне әкеледі.

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2024 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

Аудиттелмеген мың теңге	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құнның барлығы	Баланстық құнның барлығы
<b>Активтер</b>				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	235,364,088	-	235,364,088	235,364,088
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражаттар	70,128,963	-	70,128,963	70,128,963
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	773,520,114	-	773,520,114	771,918,829
Клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған дебиторлық берешек	54,143,892	1,685,222	55,829,113	78,099,403
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	123,644,817	9,942,700	133,587,517	133,587,517
Өзге қаржы активтері	145,475	-	145,475	145,475
<b>Міндеттемелер</b>				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	636,288,365	-	636,288,365	654,977,714
Өзге де тартылған қаражаттар	190,931,189	-	190,931,189	262,982,430
Жарияланған дивидендтер	29,295,177	-	29,295,177	29,295,177
Өзге қаржылық міндеттемелер	4,320,105	-	4,320,105	4,320,105

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарына талдау келтірілген:

мың теңге	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құнның барлығы	Баланстық құнның барлығы
<b>Активтер</b>				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	305,418,549	-	305,418,549	305,418,549
Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	69,064,444	-	69,064,444	69,064,444
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	844,352,956	-	844,352,956	834,169,819
Клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын жылжымайтын мүлікті бөліп төлеу арқылы сатудан пайда болған дебиторлық берешек	79,533,605	2,413,870	81,947,475	105,681,741
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	129,138,012	9,704,929	138,842,941	138,842,941
Өзге қаржы активтері	106,170	-	106,170	106,170
<b>Міндеттемелер</b>				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	777,671,411	-	777,671,411	807,471,686
Өзге де тартылған қаражаттар	178,862,232	-	178,862,232	244,788,616
Акционер алдындағы міндеттеме	4,691,377	-	4,691,377	4,691,377
Өзге қаржылық міндеттемелер	4,574,080	-	4,574,080	4,574,080

## 23 Капиталды басқару

	Аудиттелмеген 2024 жылдың 30 маусымы мың теңге	2023 жылдың 31 желтоқсаны мың теңге
<b>1-деңгейдегі капитал</b>		
Акционерлік капитал	190,847,155	190,847,155
Жалпы резервтер	2,734,447	2,734,447
Қосымша төленген капитал	3,389,392	3,389,392
Материалдық емес активтер	(141,269)	(97,912)
Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы	13,016,140	8,048,014
<b>1-деңгейдегі капитал</b>	<b>209,845,865</b>	<b>204,921,096</b>
<b>2-деңгейдегі капитал</b>		
Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің 1.25%-ынан аспайтын мөлшерде меншікті капитал есебіне енгізілетін жалпы резервтер (провизиялар)	4,981,210	5,642,540
ҚРҰБ талаптарына сәйкес жыл ішіндегі таза пайда	10,328,489	34,263,302
<b>2-деңгейдегі капитал</b>	<b>15,309,699</b>	<b>39,905,842</b>
<b>Меншікті капитал жиыны</b>	<b>225,155,563</b>	<b>244,826,938</b>
<b>Нормативтік белгіленген активтердің барлығы</b>	<b>1,388,847,786</b>	<b>1,486,195,017</b>
Несиелік тәуекелдің ескерілуімен мөлшерленген активтер	546,491,632	521,980,078
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер	274,301,251	299,634,583
Операциялық тәуекел	31,463,570	25,832,023
<b>Кредиттік тәуекелді және шартты міндеттемелерді қоса алғанда, операциялық тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтер жиыны</b>	<b>852,256,453</b>	<b>847,446,684</b>
<b>k1 коэффициенті</b>	<b>16%</b>	<b>14%</b>
<b>k1-2 коэффициенті</b>	<b>28%</b>	<b>24%</b>
<b>k1-3 коэффициенті</b>	<b>28%</b>	<b>29%</b>

Жоғарыдағы кестеде ҚР ҰБ нормативтік талаптарына сәйкес есептелген Компания капиталының құрамы көрсетілген.

2024 жылдың 30 маусымындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияға қолданылатын коэффициенттердің ең төменгі деңгейі мынаны құрады:

- k1 – 6%.
- k1-2 – 6%.
- k1-3 – 12%.

## 24 Сегменттік есептілік

Компанияның операциялары жоғары интеграцияланған және 14-ші «Сегменттік есептілік» ҚЕХС-ке сәйкес бірыңғай бизнес-сегментті құрайды. Компанияның активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және Компания Қазақстан Республикасында жүргізілетін және оған байланысты операциялардан табыс табады. Компания жағдайында Басқарма төрағасы операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға болып табылады, сондай-ақ Компания туралы ақпаратты тұтастай алады және қарайды.

## **25 Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар**

2024 жылғы шілдеде Компания «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-пен жалпы сомасы 21,298,393 мың теңгені құрайтын 0.01% сыйақы мөлшерлемесімен және 2034 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 2024 жылғы 15 шілдедегі № 1923-и және 2024 жылғы 25 шілдедегі № 1928-и қосымша несиелік шарттарын жасасты.

2024 жылғы шілдеде Компания жылдық 4.05% және 8.79% тіркелген купон мөлшерлемесімен және 2030 жылдың шілдесінде және 2036 жылдың шілдесінде өтеу мерзімімен жалпы сомасы 180,000,000 мың теңгені құрайтын купондық облигацияларды шығарды.